ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

ӘЛ-ФАРАБИ АУДАНЫНЫҢ
ПРОКУРАТУРАСЫ

ПРОКУРАТУРА
ГОРОДА ШЫМКЕНТА

ПРОКУРАТУРА
АЛЬ-ФАРАБИЙСКОГО РАЙОНА

160012, Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Республика даңғылы, №6
тел: 8 (7252) 33-87-17,тел/факс: 8 (7252) 35-32-68
www.shymkent.prokuror.gov.kz

160012, Республика Казахстан,
город Шымкент,проспект Республики, №6
тел: 8 (7252) 33-87-17, тел/факс: 8(7252)35-32-68
www.shymkent.prokuror.gov.kz

28.08.2024№ 2-12-24-03961

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына
Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1
160000

Арыз беруші: **Әл-Фараби ауданының прокуратурасы**
Шымкент қаласы, Республика даңғылы, 6
160000

Мүдделі тұлғалар: **Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті**
Астана қаласы, Сығанақ көшесі 66
010000

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 1
010000

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Астана қаласы, Мәңгілік Ел көшесі 8,
Министрліктер үйі, 14-кіреберіс
010000

Документ подготовил: Алимбеков Аскар Турдимуратович, 7251125@prokuror.kz
Документ подписал: Хандиллаев Канторе Мырзанович, 28.08.2024 09:27:15

ИС «Қадағалау»20171213

А Р Ы З

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 47-тарауының тәртібімен ақпараттық материалдарды экстремистік және террористік деп тану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, онда басып шығарылуына, әзірленуіне, таратылуына, оның ішінде электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында және Интернет-ресурстарда тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабының 3-тармағына сәйкес Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік,

ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.
«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 1-бабының 14-1)тармақшасына сәйкес терроризм актісін жасау тәсілдері мен құралдары туралы ақпаратты, сондай-ақ террористік іс-әрекет белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не осындай іс-әрекетті жүзеге асыру қажеттілігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар болып табылады.

Аталған баптың 18) тармақшасында терроризм идеяларын насихаттау, террористік материалдарды тарату, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып тарату, террористерді азғырып тарту әрекеттерін жасау террористік іс-әрекетке жататындығы көрсетілген.

Заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты жеке адамды, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау болып табылады.

Сонымен қатар Заңның 10-бабы 1-тармағының 1)тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында терроризмді насихаттауға тыйым салынады.

Заңның 10-4-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына террористік материалдарды әкелуге, оларды басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынады.

Осыған ұқсас нормалар «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бар.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 7) тармақшасына сәйкес экстремистік материалдарға экстремистік әрекеттердің белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар жатады. Аталған баптың 5) тармақшасына сәйкес экстремистік мақсаттағы әрекеттер жасауға жария түрде шақыруды, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды, үгіттеуді және көпшілікке жария көрсетуді қоса алғанда, осындай әрекеттерді тікелей іске асыру экстремистік іс-әрекеттер болып табылады.

«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес ұлттық қауіпсіздікке негізгі қауіп-қатерлерге кез келген нысандардағы және көріністердегі терроризм, экстремизм мен сепаратизм жатады.

Аталған Заңның 23-бабы 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мазмұны ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының баспа өнімдері мен өнімін Қазақстан Республикасының аумағында таратуға тыйым салынады.

Т.Т.Сайфиев Қазақстан Республикасының мұсылмандары діни басқармасымен бекітілген Ислам дініндегі Имам Ағзам Абу-Ханифа мазhабының ұстанымы дұрыс еместігін көпшілікке жариялап, терроризмді насихаттауға бағытталған қасақана қылмыстарды жасау жөніндегі тұрақты шешімге келіп, «Телеграмм» мессенджеріндегі өзінің «Абу Каусар Талгат» (id:713243021) атты аккаунты арқылы таныстарына терроризмді насихаттайтын бірқатар бейне және аудиофайлдар түріндегі ақпараттық материалдарды таратқандығы анықталған.

20.03.2023 жылғы № 604 сот-политологиялық сараптамасының қорытындысына сәйкес 1) «video5285018297803220068» атты «Алло. Ассаляму алейкум...» сөзімен басталып, «...дунья с иманом» сөздермен аяқталатын бейнежазбаның мәтінінде; 2) «skoro (1)» атты «Скоро Скоро...» сөзбен басталып, «...стали мы сильней» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 3) «video5285018297803220064» атты «Воины ислама...» сөзбен басталып, «...до дня Воскресения» сөздермен аяқталатын бейнежазбаның мәтінінде; 4) «1_Тафсир суры Аль Имран» атты (0:05:50-0:22:00 мин) «...Сегодня кафиры...» сөзбен басталып, «...пока он не умер» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 5) «2_Тафсир суры Аль Имран» атты (0:07:50-0:23:00 мин.) «...сколько сегодня...» сөзбен басталып, «...нашими руками» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 6) «4_Тафсир суры Аль Имран» атты (0:14:10-0:21:30 мин.) «...Аллах возвращает...» сөзбен басталып, «...вместе с вами» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінде; 7) «5_Тафсир суры Аль Имран» атты (0:00:00-0:26:27 мин.) «...Пророк (с.у.) сказал...» сөзбен басталып, «...наблюдает за этим» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 8) «6_Тафсир суры Аль Имран» атты (0:00:00-0:26:27 мин.) «...Джихад который...» сөзбен басталып, «...награды ахира...» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 9) «Дела сердец 2» атты (0:14:15-0:28:55 мин.) «... Те же, которые...» сөзбен басталып, «...любви к Аллаху...» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 10) «Китаб Ат-Таухид 24» атты (0:18:40-0:25:50 мин.) «...Пусть удивляются...» сөзбен басталып, «...свое имущество» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 11) «Китаб Ат-Таухид 25» атты (0:27:40-0:32:45 мин.) «...Задумайся, задумайся...» сөзбен басталып, «...Аллах им победу» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 12) «Сердца рабов 1» атты (0:11:30-0:14:08 мин.) «...Я сегодня...» сөзбен басталып, «...сердца черствеет» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 13) «Сердца рабов 2» атты (0:20:00-0:24:10 мин.) «...Хотелось бы...» сөзбен басталып, «...этого брата...» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 14) «Сердца рабов 3» атты (0:07:30-0:09:50 мин.) «...Продавцов религии...» сөзбен басталып, «...на это руководства...» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 15) «Сердца рабов 4» атты (0:08:00-0:27:00 мин.) «Муджахид думает...» сөзбен басталып, «...мне Фирдаус...» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 16) «Сердца рабов 5» атты (0:09:49-0:12:13 мин.) «...приходит гордость...» сөзбен басталып, «...что с вами?» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 17) «Сердца рабов 6» атты (0:11:20-0:15:30 мин.) «...Аллах субхана...» сөзбен басталып, «...которые мертвы» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 18) «Сердца рабов 8» атты (0:11:30-0:16:00 мин.) «...В эти танки...» сөзбен басталып, «...Это сила – (с.уа.т.)» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 19) «Сердца рабов 9» атты

(0:09:00-0:20:30 мин.) «...Значит дело...» сөзбен басталып, «...этот момент» сөздермен аяқталатын аудиожазбаның мәтінінде; 20) «Послание девочек шейху Халиду Рашиду» атты «Тоскующие по Аллаху...» сөзбен басталып, «...Умму АбдуЛлах и Умму АбдурРахман» сөздермен аяқталатын баспа түріндегі материалдың мәтінінде терроризмді насихаттау және терроризм актісін жасауға итермелеу белгілері анықталған.

Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының 03.10.2023 жылғы үкімімен Т.Т. Сайфиев Қылмыстық кодекстің 256-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде жазасын өтей отырып, 7 (жеті) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған (үкім заңды күшіне енді).

Бұдан бөлек, С.С. Рисалиев, Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған «Ат-Такфир уа-ль-Хиджра» халықаралық террористік ұйымының идеологиясын жақтап, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, 2018 жылдан 15.12.2021 жылға дейін «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «blody_blade_03» атты өзінің парақшасы арқылы діни араздықты қоздыру, азаматтардың діни сезімін қорлау белгілері бар радикалды материалдарды қасақана таратып, терроризмді насихаттаған.

01.07.2022 жылғы №1940 кешенді сот-психологиялық-филологиялық және сот-діни сараптаманың қорытындысына сәйкес «Screenrecorder-2022-04-20-06-42-41-949.mp4» атты «Здесь какой-то брат...» сөзімен басталып, «...А не ты?» сөздермен аяқталатын (01:52-03:08 мин.) бейнежазбасының мәтінінде алавиттерге діни көзқарасына байланысты дұшпандық, өшпенділік қажет деген белгілері және діни алауыздықты насихаттайтын сөздер бар екендігі анықталған.

07.09.2022 жылғы №2682 кешенді сот-психологиялық-филологиялық және сот-діни сараптаманың қорытындысына сәйкес «Запись прямого эфира Саситлинского и Костекского.mp4» атты «Ну в то, же время если агрессор нас, к какой-то населения нападет, ты конечно не ждешь...» сөзімен басталып, «Если ты мечеть даже боишься. Что ты там делаешь? Делай хиджру» сөздермен аяқталатын бейнежазбаның мәтінінде (04:40-04:54 мин.; 04:55-05:12 мин.; 05:44-06:45 мин.; 08:41-08:49 мин.; 09:30-09:41 мин.; 20:17-20:40 мин.; 21:14-21:18 мин.) «Ат-Такфир уа-ль-Хиджра» экстремистік ұйымына жататындығы және терроризмді насихаттау белгілері анықталған.

Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының 26.01.2023 жылғы үкімімен С.С.Рисалиев Қылмыстық кодекстің 174-бабының 1-бөлігі және 256-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін кінәлі деп танылып, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде жазасын өтей отырып, 7 (жеті) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған (үкім заңды күшіне енді).

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық материалдар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасының соттарымен террористік немесе экстремистік деп танылған және Қазақстан Республикасының

аумағына әкелуге, шығаруға және таратуға тыйым салынған діни әдебиеттер мен ақпараттық материалдар тізімінде жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 376-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы арызды прокурор осындай талаптарды мәлімдеген прокурордың орналасқан жері бойынша немесе осындай материалдар табылған жер бойынша сотқа береді.

Осыған тектес нормалар Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» (12-бап) және «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» (10-4-бап) заңдарында бар.

Кодекстің 54-бабының 3-бөлігіне сәйкес прокурор адамдардың, қоғамның және мемлекеттің, егер бұл адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін орны толмас салдарларды болғызбау үшін қажет болса, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және мүдделерін қорғау үшін заңнамаға сәйкес сотқа талап қоюмен, арызбен жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 616-бабының 16-тармағына сәйкес прокуратура органдары барлық талап қоюлар бойынша соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Жоғарыдағылардың негізінде Кодекстің 243-бабының 8) тармақшасын және 376-378-баптарын, сондай-ақ «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 39-бабын басшылыққа ала отырып,

СҰРАЙМЫН:

1. 1) «video5285018297803220068» атты бейнежазба; 2) «skoro (1)» атты аудиожазба; 3) «video5285018297803220064» атты бейнежазба; 4) «1_Тафсир суры Аль Имран» атты аудиожазба; 5) «2_Тафсир суры Аль Имран» атты аудиожазба; 6) «4_Тафсир суры Аль Имран» атты аудиожазба; 7) «5_Тафсир суры Аль Имран» атты аудиожазба; 8) «6_Тафсир суры Аль Имран» атты аудиожазба; 9) «Дела сердец 2» атты аудиожазба; 10) «Китаб Ат-Таухид 24» атты аудиожазба; 11) «Китаб Ат-Таухид 25» атты аудиожазба; 12) «Сердца рабов 1» атты аудиожазба; 13) «Сердца рабов 2» атты аудиожазба; 14) «Сердца рабов 3» атты аудиожазба; 15) «Сердца рабов 4» атты аудиожазба; 16) «Сердца рабов 5» аудиожазба; 17) «Сердца рабов 6» атты аудиожазба; 18) «Сердца рабов 8» атты аудиожазба; 19) «Сердца рабов 9» атты аудиожазба; 20) «Запись прямого эфира Саситлинского и Костекского.mp4» атты бейнежазба; 21) «Послание девочек шейху Халиду Рашиду» атты «Тоскующие по Аллаху...» сөзбен басталып, «...Умму АбдуЛлах и Умму АбдурРахман» сөздермен аяқталатын баспа түріндегі ақпараттық материалдарды террористік деп тануды және олардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуын, онда басып шығарылуына, әзірленуіне және (немесе) таратылуына, оның ішінде Интернет желісінің қазақстандық сегментінде жұмыс істейтін интернет-ресурстарда, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желілерінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлер мен

бейнехостингтерде, сондай-ақ ақпараттық материалдар арқылы таратылуына тыйым салуды.

2. «Screenrecorder-2022-04-20-06-42-41-949.mp4» атты бейнежазба түріндегі ақпараттық материалды экстремистік деп тануды, оның Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуын, онда басып шығарылуына, әзірленуіне және (немесе) таратылуына, оның ішінде Интернет желісінің қазақстандық сегментінде жұмыс істейтін интернет-ресурстарда, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желілерінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлер мен бейнехостингтерде, сондай-ақ ақпараттық материалдар арқылы таратылуына тыйым салуды.

3. Сот шешімін дереу орындауға жіберуді.

4. Жоғарыда көрсетілген ақпараттық материалдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, онда басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратылуына тыйым салу туралы сот шешімінің орындалуын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрліктеріне жүктеуді.

5. Арыздың қаралу күні туралы Әл-Фараби ауданының прокуратурасына хабарлауды.

Қосымшадағы құжаттар қолма-қол жеткізіледі:

1. Т.Т.Сайфиевке қатысты Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының 03.10.2024 жылғы үкімінің көшірмесі 16 парақта, мемлекеттік тілде, С.С.Рисалиевке қатысты Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық сотының 26.01.2023 жылғы үкімінің көшірмесі 16 парақта, орыс тілінде;

2. 20.03.2023 жылғы №604 сараптама қорытындысы 37 парақта (екі тілде), 16.08.2022 жылғы №2463 сараптама қорытындысы 35 парақта, 23.08.2022 жылғы №7253/1119 сараптама қорытындысы 4 парақта, 01.07.2022 жылғы №1940 сараптама қорытындысы 20 парақта, 02.09.2022 жылғы №2681 сараптама қорытындысы 6 парақта, 07.09.2022 жылғы №2682 сараптама қорытындысы 17 парақта.

Шымкент қаласы
Әл-Фараби ауданының прокуроры **Қ. Хандиллаев**